

CHAPTER-II

АБАЙДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ: ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ҚАРАСӨЗДЕРІ

А.Д. Касимова

Сүлейман Демирел атындағы университет

Алматы, Қазақстан

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс магистранты

Түйіндеме. Абайдың рухани мұрасы: өлеңдері мен қарасөздері жайлы зерделеген өз ойларым мен зерттеушілік-ізденімдік тұжырымдарым талқыға салынды. Ақын қара сөздерінің адамгершілік, еңбек, білім алу, т.б. толғамды түйіндері мен философиялық көзқарастарына талдаулар жасалды. Қазақ елінің өміріндегі кемшіл тұстарды айқындай көрсетіп, адам бойындағы жаман қасиеттерді жіпке тізіп, осыдан жиреніндер деп өсиет еткен бабамыздың еркін ойлары мен өлеңдерінің зерттеулерде көп айтыла бермейтін аспектілерін талдауға қадамдар жасалды. Зерттеуші ғалымдардың Абай шығармалары туралы пікірлері салыстырыла зерделеніп, сілтемеге алына отырып, өзіндік пікірлермен синтезделіп отырды. Жас зерттеуші ретінде жұмысымызда ақынның талданған әрбір өлеңінің жаңа қырларын ашуға және өзіндік пайымдаулар тұрғысынан келуге, тұжырымдар бекітуге мол талпыныс жасалды.

Кілт сөздер: қарасөз, мотивация, философиялық ой, классик ақын, реалистік образ.

Автор туралы қысқаша мәлімет

Касимова Ару Давлятовна, Сүлейман Демирел атындағы университеттің

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс магистранты.

Духовное наследие Абая: стихи и слова назидания

А. Д. Касимова

Университет имени Сулеймана Демиреля

Алматы, Казахстан

Магистрант 1 курса специальности «Казахский язык и литература»

Аннотация. В данной статье рассматривается духовное наследие Абая: мои собственные мысли и исследовательские идеи по поводу стихов и слов назидания поэта. Проведен анализ философских взглядов поэта, направленных на воспитание нравственности, любви к труду, гуманности, просвещения. Были синтезированы и сопоставлены мнения исследователей о творчестве Абая. В нашей работе было приложено немало усилий, чтобы раскрыть новые аспекты каждого из анализируемых стихотворений поэта с точки зрения молодого исследователя, сформулировать выводы.

Ключевые слова: слова назидания, мотивация, философские мысли, поэт-классик, реалистический образ

Spiritual heritage of Abai: poems and edification words

A.D. Kasimova

Suleyman Demirel University

Almaty, Kazakhstan

1-year MA student, specialty "Kazakh language and literature"

Annotation. This article examines the spiritual heritage of Abai: my own thoughts and research ideas about the poet's poems and words. The analysis of the poet's philosophical views aimed at the education of morality, love of work, humanity, enlightenment is carried out. The opinions of researchers about Abai's work were synthesized and compared. In this work, a lot of efforts were made to reveal new aspects of each of the analyzed poems and to formulate conclusions from the perspectives of a young researcher.

Key words: words of edification, motivation, philosophical thoughts, classic poet, realistic image.

Кіріспе

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы - ғасырлар бойы құндылығымен, ұрпаққа берер мол тәлімімен, тұтас ұлт тәрбиесінің жүгін көтерген, заман ауысқан сайын маңызын жоймайтын халқымыздың рухани да асыл қазынасы. Сана өзгеріп, қандай қоғам келсе де, еш өзгертусіз қолданыстан түспей, өз маңызын арттыра түсетін Абай мұрасының қазіргі қоғамға да берері мол. Зерттеулерде ақынның алғашқы өлеңдері 12 жасында жазылғаны, бірақ автордың ерте жасаған жұмыстарынан тек бірнеше туындылары ғана жеткені көп айтылады. 28 жасынан бастап ақын Шығыс халықтарының поэзиялық шығармашылығын және орыс классикалық әдебиетін терең зерттегені белгілі. Ол Крылов, Шиллер,

Пушкин, Байрон, Мицкевич, Гейне, Лермонтов, Гете шығармаларын қазақ тіліне аударған. Көрнекті қайраткердің еңбектерінің арқасында қазақ халқы алғаш рет әлемдік классикалық әдебиетпен танысты. Абайдың философиялық ой-пікірі ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. Абай әйгілі шығыс классиктері Фердауси, Сағди, Ширази, Низами, Навоилардың шығармаларын және ислам философтарының көзқарастарын жетік білді, сонымен бірге ежелгі гректің атақты классигі Аристотельдің философиялық шығармаларымен және Сократтың еңбектерімен толық танысты, В.Г. Белинскийдің еңбектерін көп оқыды. Абайдың дүниетану жолында өткен замандардың кемеңгер философтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерін қорытып, оларды қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданды. Осы кездегі қазақ қауымын толғандырған басты құдірет, жан мен тән, өмір мен өлім туралы болса, солардың барлығына ақын жауап іздеді, өз шығармашылығы арқылы халқын алға сүйреп, көзін ашып, көкірегін оятуға жұмсады.

Негізгі бөлім

Қазақтың ұлы ақыны Абай атамыз өз ғұмырын тек өлең жазуға, орыс және басқа да тілдерден аудармалар жасауға арнамаған. Сонымен қатар, публицистикалық шығармаларын яғни "қара сөздерін" жазып қалдырғаны белгілі. Ал, енді қара сөздерінің біршамасы не жайлы жазылғандығын және өзім нендей нәрсені түйгенімді жазайын.

Ең алғашқы қара сөзінде алдағы өмірінде нені кәсіп қылып, қайтіп өткізетіні жайлы талқылап, жазған. Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, софылық қылып дін бағу, балаларды бағу - қажып, жер ортасы жасқа келгенде бұлардың ешбірін кәсіп қылғысы келмеді. Осы уақытқа дейін қылып жүрген істерінің байлаусызын, баянсызын 1-ші қара сөзінде атап көрсетеді. Қорытындысында ойына келген нәрселерді қағазға жазып, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылуды жөн көреді: "Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ",- деп ойын түйіндейді.

Жоғарыда айтылғандай ол өз өмірінде, жалпы қазақ елінің өміріндегі кемшіл тұстарды айқындап жазып, тіпті қазақтардың бойындағы жаман қасиеттерді жіпке тізіп осыдан жиреніңдер деп өсиет етеді. Бір сөзінде мақтаншақтық жайлы сөз қозғаса, енді бірінде иман жайында жазады, ал енді бірінде қазақтарда кең қолданысқа ие болған алайда еш мағынасы жоқ мақалдарды сынай отырып оқырманға оның дұрыс бұрыстығын нұсқап

көрсетеді. Қара сөздерінің қайсысы болмасын қазақты жақсылыққа, игі істерге шақырады, жамандық пен жалқаулықтан жирендіру үшін түрлі әдіспен сөздерден маржан түзіп әсерлі етуге барын салғандығы маған ерекше ұнады. Абайдың толық жинағында 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған шығармалары - «Қара сөз» деп аталады. Бұл – ақынның философиялық еңбегі. Барлығы 45 сөз және бұған «Біраз сөз қазақтың түбі кайдан шыққаны туралы» деген тарихи мақаласы да қосылады.

Абайдың «Қара сөздерінің» соңғы нұсқасы Мүрсейіттің 1905, 1907 және 1910 жж. қолжазбалары бойынша жарияланып келген. «Қарасөздер» деген атау өлең сөзден бөлек дүниелер мағынасын білдіреді. «Қарасөз» дегеннің мағынасын белгілі ғалым және саясаткер Ғ. Есім: «...Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін, өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол - сөз жанры. Ақынның қара сөздері — нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан» [1]. Көптеген философтар ойларын формаға бағындырып немесе жүйе құрып әуре болғанын білеміз. Абай болса, ондай істермен айналыспаған, өзінің айтқысы келген ойларын еркін білдірген. Абай ашқан «сөз» жанры, өкінішке орай, қазақ мәдениетінде өріс алмады. Сірә, оған кінәлі, Шәкәрім тілімен айтсақ, «нақтылы ойдың» заманы болса керек. Адам өз ойындағысын айтқаны үшін кінәлі болған заманда, әрине, сөз жанрының өрістеуі, Абай дәстүрін жалғастыруы мүмкін емес еді. Абай дәстүрі, яғни сөз жанры бүгінде жаңғырып, жалғасуы керек, оған алғышарт бар. «Қазіргі плюрализм (көзқарастары мен пікірлерін білдіру еркіндігін заңмен қамтамасыз ететін) деп жүргеніміз, кезінде Абай қолданған ойлау тәсілі...», -деп сараптама жасап, талдап берді [1].

Қара сөздің барлығын публицистикалық шығарма деп тануға әбден болады. Себебі қайсы-бірін оқысаңыз да санаңызға қозғау салып, ойыңызды шымырлата түспегі анық. Тіпті білім-ғылым жайында жазылған қара сөздерден ерекше қуат алып, мотивация алатын жандар да баршылық. Әрбір қазақ азаматы осы қара сөздерді оқып шығуға міндетті деп санаймын. Әлбетте ол ұлтының нағыз жанашырын тәрбиелеп шығаратыны анық. 45 қара сөздің барлығын да жаттап алған жастардың саны бүгінгі күні аз болса да алдағы уақытта көбейетініне сенемін.

Дәл қазіргі жаһандану кезеңінде, қарқынды дамыған, тез өзгермелі заманда, Батыстың мәдениеті дендеп, кейінгі ұрпақтың санасын улаған үрдісте ақынның қара сөздері мен кез келген өлеңін оқып, одан ғибрат алу пайдалы. Сан жылдар өтсе де өз құндылығын жоймайтын ұлы мұра ұрпақ

тәрбиесінде және ұлттың адами құндылықтарынан алшақтамай, білім, ғылымды игеруде өркениетті елдермен терезесі тең тұруына бағдар береді. Абай атамыз өз заманында қазақ халқының өмір сүру салты мен тұрмыс қалпына көп сын айтты. Сын айта отырып халқын дамытуды ойлады. Адам санасын улаған байлық, мал, күншілдік, т.б. ақын өзі жіктеп көрсеткен кереғар қасиеттерден арылтып, санасы тазарған, ойлы, білімді, дамыған халқын көруді арман етті. Бірлікке, тірлікке, ізгілік пен адамгершілікке шақыратын публицистикалық шығарманы неге жаттап алмасқа?! Ақыл жүрек қайрат үшеуін бірге ұстап Абай атамыздың нұсқауымен жүрсек келешегіміз жарқын болшағымыз баянды болары сөзсіз! Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл шығармалардың қазір де берері көп.

Ғұлама Абай «Қара сөзді» шешендік өнер мәнінде айтқан. Шаршы топқа шығып сөз айту әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Абай осындай ниетпен айтқан сөздерін қағазға жазып қалдырады. Көрген-білгенін, таным-тәжірибесін, танып-түстегенін ақыл-көрігінде қорытып, таразыға салады. Қысқа ғұмырдың алдамшы, өткіншілігіне де қапа болады. Баянсыз, тұрлаусыз сикына бас шайқап, іштен тынады. Оның мән-мәнісін бірінші сөзінде былай білдіреді: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық — әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын...» [2].

Ақын алдағы өмірге барлау, талдау жасайды.

Адам мұраты, өмірі мен еңбегіне еркін енеді. Өмірдің бұралаң жолдарына, кәсіп-дағдыларға, тұрмыс-тірліктің мың сан арналы, тараулы жолдарына көңіл тоқтатып, көз жібереді. Білім-ғылым, кәсіп-қызмет, дәстүр-дін, тәлім-тәрбие иірімдеріне де көңіл бөліп, жіті назар аударады. Бәріне де мән-маңыз береді. Басым бағыттарына еркін енеді. Сыр-сипаттарын ашады. Өмір мұратына ден қойып, тәлім-тәжірибесіне тоқтайды. Болыс болсам деп ағайындар жанжалдасып, партияласып әбден халықтың мазасын кетіретін пысықтарды көргенде Абай бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Өз-Тәукенің «Жеті жарғысын» білмек керек дейді.

Б. Кенжебаев мынадай ойға тартар тың, тосын шешіммен тоқтайды:

“Сонымен, Абайдың қара сөздері көркем проза. Абай қазақтың көркем прозасының негізін салушы. Бірақ Абай бұл жөнінде жалғыз, тұңғыш емес, оның серігі, құрдасы бар. Ол Абайдың замандасы Ыбырай Алтынсарин. Ыбырайдың көптеген тамаша ұсақ әңгімелері, новеллалары қазақтың көркем прозасының басы, негізі. Ыбырайдың бұл әңгімелері Абайдың тұсында, Абай қара сөздерін жаза бастаған кезде, қайта онан сәл ілгері жазылды” [3].

Ұлы бабамыздың қарасөздері жанры жағынан ғана маңызды шығарма емес, сонымен қатар, ол өзінің тілі, стилі жағынан да аса маңызды-прозалық еңбектер. Осы орайда ғалымдар тұжырымдап көрсеткендей, бұл қарасөздердің стильдік ерекшеліктерінің бірі-лаконизм екендігі дәлелденген. Яғни ойды қысқа, анық, нақты етіп айтып беру құбылысы. Бұл ақынның өлеңдерінде де кездеседі. Мысалы,

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң -
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан.
... Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гуде гу.

«Бойы бұлғаң...» - ақынның уытты шығармаларының бірі. Қоғамдағы зиянды дерттерді өткір сынға алады. Оның жанры – сатиралық шолу. Мұнда ақын оқырман қауымды сөзінде тұрмайтын тұрлаусыз пенделер мен сөзі мен ісі сұйық суайттарды әшкере етіп, таныстырады. Сондай –ақ, «күнәсізбін», «кінәсізбін» деп безілдейтін «періштелермен» де, сырт көзге барын киіп, «үзеңгі бауы алты қабат болып» шіренетін, үйіне келсең, сусын тауып бере алмайтын бейшаралармен де, тілемсектік істеп, бермесең, безіп кететін безбүйректермен де, бірді-бірге айдап сап, ел арасына от тастап, антын, арын сатқан екіжүзділермен де таныстырады. Өлең құрылысы қысқа да нұсқа, түсінікті. Абайдың қарасөздеріндегі екінші бір стильдік ерекшелік, ол – нақыл сөзділік (афористичность). Басты өзгешілігі – оның үгіт-өсиетшілдік мазмұнына лайық публицистикалық дидактизм. Зерттеушілер көрсеткендей, Абай шығармаларының аталған негізгі стильдік өзгешеліктері – оның идеялық-мазмұнынан өрістейтін

жаңалықтар екендігі. Ақын өлеңдерінің қайсысын оқысақ та, түсінікті және ерекше иірімдер мен ұйқастар арқылы негізгі ой астарлы болса да мазмұндық сипат алып отырады. Әрине, Абай бұлардың бүгінгі өмірге келетінін алып, жарамсызын теріске шығарса деп армандай келіп, осыларды іске асыратын кісілердің жоқтығына қиналады. Абай 35-40 жастар шамасында өзінің ақындық талантын таныта бастайды. Абай қалада айлап жатып, еліне арбалап кітап алып қайтады. Семейге айдалып келген, патша өкіметіне қауіпті деген адамдармен де кездесіп, олармен ұзақ кеңесіп, ішкі қоғам өмірінен алатын орнын дұрыс түсінді. Ол өлеңге жеңіл-желпі қарап, байларды мақтап, тілін безеп, мал үшін сатылып, өнердің қадірін кетіріп жүрген ақынсымақтарды қатты сынға алды.

Абай ақынды өмір оқытушысы, үгітші, үлгі берер азамат жыршысы болуы керек деп білді. Өзі “көкірегі сезімді, тілі орамды” жастарға үлгі болды, оларға ақыл айтып, өлең жазудың тамаша шебер үлгілерін көрсетіп берді. Абай шебер өлеңді, тәтті әнді мәдениеті жоғары, білімді ақын ғана бере алатынын ескертіп, “Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол-ақынның білімсіз бейшарасы” деп көрсетті.

Ақындық өнердің мақсатын, мәнін осылай терең түсінген Абай, өз кезіндегі әдебиетке батыл сын айтты. Абай кезіндегі ел билеушілерге қарсы шығып, патшаның болыстық, билік тәртібін сынға алады. Олардың қылмыстарын бетіне басып, ел мұңын, халық тілегін білдіреді. Реңі кеткен қазақ елінің бейнесін айқын көрсете келіп, ол:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым!...

Өзімдікі дей алмай өз малыңды,

Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың,- дейді. Абай өзінің осы сияқты өлеңдерінде (“Болыс болдым, мінекей”, “Мәз болады болысың”, “Бойы бұлғаң”, “Сабырсыз, арсыз, еріншек”, “Адасқанның алды жөн, арты соқпақ”, т.б) өткір, сыншы-сатирик ақын есебінде бой көрсетті. Абай қазақ жеріндегі теңсіздікті, тағы басқа қайшылықтарды түсіне білді. Оны өзінің бойындағы ақындық шабыттың бар күшімен жырлады. Бай мен кедейдің арасындағы тұрмыс қайшылығын, дәулет теңсіздігін көрді. «Өзінің “Күз”, “Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай” деген өлеңдерінде қазақ кедейлері мен байларының өмірін салыстыра бейнелеп, кедейлердің аянышты халін айқын суреттеді» [4].

Абай өлеңдеріндегі негізгі, елеулі әлеуметтік мәселелердің бірі – қазақ әйелдерінің жайы, қазақ жастарының махаббаты, еркіндік мәселесі. Махаббат, әйел теңдігі тақырыбы Абай өлеңдерінде кең қамтылып, жалпы

адамгершілік идеясымен қабысып келеді. Абай бұл мәселелерді көтеруде де өзінің жаңашыл, бұқарашыл ақын екенін көрсетті. Ол қазақ қыздарының теңсіздікте езіліп, сүйгеніне қосыла алмай келген ауыр халін көрді. Өзі бұған наразылық білдіріп, аянышты сезімге толы өлеңдерін шығарды.

Абайдың прозасы – қиял прозасы емес, өмір прозасы. Ол – объективтік шындықтың шешендік қорытындысы, ғылымға негізделген терең ой тебіреністері, адам мінезін бейнелейтін әсерлі әңгіме, деректі эссе, көркем публицистика, насихатшыл дидактика. Абай шығармаларының жаңа идеялық мазмұнын жаңашыл әдеби формада шебер жүзеге асырды. Автор ұлттық ауызша поэзия мен қазақ тілінің байлығын белсенді қолданды. Ол әдебиетке жаңашыл поэтикалық жанрларды енгізді, бұрын белгісіз әдістерді, формаларды қолданды. Абай шығармашылығынан ерекше орын алатын ендігі бір үлкен тақырып – оның ағартушылық идеясы. Абай – өнер-білім, тәлім-тәрбиеге ерекше көңіл аударған, ұлы ағартушы ақын. Абайдың табиғатты суреттеп жазған бір топ өлеңдері тек түр жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да өзгеше. Ол өлеңдерінде ақын еліне, жеріне шексіз сүйсіне отырып, өмір шындығын кеңінен қамтып көрсетеді. “Желсіз түнде жарық ай”, “Қыс”, “Жаз”, т.б. өлеңдерінде жыл мезгілдерінің әрбір кезеңін қазақ аулының өмір тіршілігіне қабыстыра суреттейді.

Абайдың табиғат лирикаларының ішіндегі ең таңдаулыларының бірі – “Желсіз түнде жарық ай”.

Желсіз түнде жарық ай,
Ауылдың жаны терең сай,
Сәулесі суда дірілдеп.

Тасыған өзен күрілдеп,-деп басталатын өлеңі табиғаттың түнгі көрінісін, махаббаты жарасқан екі жастың тулаған жүректері мен жылы құшағын ұштастыра бейнелейді.

Абай лирикалары – алуан сырлы, мазмұнға бай, адам жанын тебіренерлік нәзік. Ақын лирикасы – нәзік сезімді толғауымен ғана емес, сонымен бірге, өзінің әлеуметтік рухымен де, терең ойлылығымен де, асқан суреттілігімен де жаңа мәнді реалистік шығармалар.

Абай А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтовтың реалистік әдістерін жете меңгерген еді. Абай ақын М.Лермонтов сияқты өзі өмір сүрген қоғам озбырлығына батыл қарсы шыққан кекті ақын. Абайдың көптеген тамаша шығармалары М.Лермонтов шығармашылығындағы азаматтық әуенмен үндес. Мұндай шығармалардың қатарына оның: “Жүрегім нені сезесің”, “Менсінбеуші ем наданды”, “Сегіз аяқ”, “Не іздейсің көңілім, не іздейсің?”,

“Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын”, “Жүрегім менің қырық жамау” т.б. өлеңдері жатады. Абай аудармасы арқылы Лермонтовтың “Тұтқындағы батыр”, “Ой”, “Альбомға”, “Қанжар”, “Дұға”, “Теректің сыйы”, “Шайтан”, “Асау той, тентек жиын, опыр-топыр”, “Вадим”, “Бородино” және басқа өлеңдері қазақ арасында тұңғыш тарады.

Абай - терең ойдың ақыны. Ол әрбір шығармасын жүрек тебіренге тереңнен толғайды. Кемеңгер ақын өлеңдерін сыдыртып оқып шығып, толық түсінік алдым деу қиын. Әрбір өлең жолдарының өзіне үңіле, ойлана оқу ғана дегенге жеткізеді. Оқыған сайын бұрын оқыған Абай сөздерінің жаңа сырын ашып отырасың. Шынын айтсақ, Абай – қазақ поэзиясында нағыз реалистік образ, шебер сурет, жаңа көрініс жасаған білімді, мәдениетті жазушылардың тұңғышы.

Абай суреттеген әзірейілдей қыс, жадыраған жаз бейнелері, күн-күйеу мен жер-қалыңдық, қалғыған тау, дел-сал дала, сыбдырлаған жапырақ, күлімдеген аспан, ойланған жер, ақ қардың үстінде түлкі алып жатқан бүркіт, т.б. нағыз реалистік әдебиетке тән шын өнерлік қасиет. Бұл тұстағы озық шығармалары оны сыншыл реализм өкілдері тобына қосты.

Абай өлеңдері – мазмұны мен түрі біріне-бірі сай, ең асыл сөзді поэзия. Ақын поэзиясы мазмұны жағынан қандай салмақты болса, түр жағынан да сондай көрікті. Абай өлеңінде артық сөз, орынсыз пікір кездеспейді. Бәрі де белгілі өлшемге сай, терең ойға құрылып, етек жеңі жинақы келеді.

Абай өлең теориясына қатысты бірнеше шығарма жазып, поэзияның мазмұны мен түріне ерекше көңіл бөлген. Өлеңнің көркемдік түрі мен мазмұнының бірдей тартымды шығуында екенін тереңінен ұғынды. Буын саны жағынан да Абай бұрынғы формаларды өңдеп, жетілдіре түсті. “Сегіз аяқ”, “Сен мені не етесің”, “Бай сейілді”, “Ақылбайға”, “Көзімнің қарасы”, “Бойы бұлғаң”, “Оспанға”, “Антпенен тарқайды”, “Ыстықтан, суықтан”, “Я, құдай, бере көр”, “Қатыны мен Масақбай”, “Мен сәулем жазамын”, “Болды да партия”, “Жалын мен оттан жаралып”, “Тайға міндік” және басқа өлеңдері шумағынан жағынан да, буын саны, бунақтары мен ырғақтары жағынан да мүлде жаңа түр, соны құбылыс.

Тайға міндік,

Үкі тақтық,

Тойға шаптық,

Күлкі бақтық,

Жақсы киім киініп.

Жоқ немеге сүйініп.

«Осы келтірілген шумақтар буын саны жағынан да соны (3, 4, 5, 6, 7 буын аралас), шумағы 3 жолдан келген жаңа түр. Абай 3, 4, 5, 6, 9 буынды, шалыс ұйқасты өлеңдер түрін мейлінше көп қолданды. Бұл түрлердің көбі – Абай енгізген жаңалықтар» [4].

Қорытынды

Абай – XIX ғасыр ағартушыларының озық идеясын қазақ жеріне алғаш әкелуші, олардың тамаша шығармаларын өз халқы тіліне аударып, таратушы.

Абай ақыл- парасатты дәріптеп, ғылым мен ағарту идеяларын насихаттады. «Абай шығармалары тарихи-әлеуметтік тұрғыда кемшін соғатын қазақ қоғамы кеңістігіндегі түрлі нанымсыз уәждерге қарсы әлемдік уақыт асқақ мұраттарының үстемдік жүргізе алатынын өнер құдіреті арқылы дәлелдеп берді. Уақыт пен кеңістік түрлерінің адам жан дүниесімен тығыз тамырластығын көрсетті» [5]. Ғалымның тұжырымына көз жіберсек, ақынның қай туындысының да қоғамдағы орын алатын құбылыстардың жауабын айтатын, ақыл, өнеге, жол көрсететін бағдар шамы іспеттес. Тек әр адам осы асыл мұрадан сусындаған болса, өз өмірінің қажетті тұстарына бағыт етері сөзсіз. Абайдың философиялық ой-пікірінің әлеуметтік маңызы заман ағымына қарамастан, ұрпақтың бойына асыл қасиеттер мен құндылықтарды дарытатын асыл мұра. Сондықтан ақынның тек мерейтойы қарсаңында ғана емес, мектеп бағдарламаларына толықтай енгізіліп, оқулықтарда үнемі үзбей оқытылып отыруы маңызды. Ұрпақ тәрбиесінде өзінен - өзі сұранып тұрған баға жетпес асыл мұра екендігін айта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Есім Ғ. Хакім Абай. Алматы, 1995. 183 б.
2. М. Әуезов. Абай Құнанбаев. Алматы: Санат, 1995ж.
3. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы, 1986. 400 б.
4. Х.Сүйіншалиев. Абайдың қара сөздері. Алматы, 1956 жыл.
5. Б. Майтанов. Абай. Тарих, тұлға, уақыт. Алматы: «Аруна», 2010. 92 бет. «Шығыстың ұлылары» топтамасы.